


«Бекітемін»

Мектеп директоры м.у.а.

 А.Розакулов

«Келісемін»

Мектеп директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары

 Ф.Караев

**2023–2024 оқу жылында
№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
4- сыныптарына арналған
«Жолда жүру ережелері»
оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

2023 ж.

**4- сыныптарына арналған «Жолда жүру ережелері»
оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мәрзімі
1	Жолда жүру ережелерін білеміз бе?	1	қыркүйек
2	Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері	1	қазан
3	Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар	1	желтоқсан
4	Темір жол өтпелері	1	наурыз
5	Жарақаттар кезде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру	1	сәуір
6	Қорытынды сабақ	1	мамыр
	Жалпы	6	

Сынып жетекшісі:

С.Балтаева

Тақырыбы: Жолда жүру ережелерін білеміз бе?

Мақсаты: — Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру;
ережелерді есте сақтауға үйрету;

Өтілу барысы:

Мұғалімнің кіріспе сөзі

-Құрметті оқушылар! Бүгін біз жолда жүру ережелерін білеміз бе, оларды қалай меңгергенбіз, өз өміріміздің қауіпсіздігін сақтай аламыз ба, сол жөнінде ой бөлісейік. Және жолда жүрудің үлгісін көрсетейік.

Бүгінгі біздің «Жолда жүру ережесін білесің бе?» атты сабағымыды бастамастан бұрын мынандай сөзжұмбақты шешіп алайық.

Жоқ өзінде бас та, ауыз, құлак та.

Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)

Жарайсыңдар, балалар! Ендеше, бағдаршамға назар аударайық. Жолда жүру тәртібін, ережесін жақсы білеміз бе екен, байқайық!

Бұл сақшының үш көзді,

Үш көзден ұқ, үш сөзді.

Ашша сақшы үш көзін,

Айтты деп ұқ үш сөзін

Токта! Сақтан! Жол ашық!

Жүрме жолға таласып – деп сыныбызды үш топқа бөлейік.

«Сұрақ – жауап».

Қызыл тобына: 1. Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз? (Өуелі сол жаққа, көшенің ортасына келгенде оң жаққа қараймыз)

2. Бағдаршамның неше көзі бар? (3. қызыл. сары. жасыл)

3. Балалар қай жерде ойнау керек? (арнайы алаңдарда)

Сары тобына: 1. Жолаушылар деген кім? (кез – келген көлікке мінетін адамдар)

2. Жаяу адамның өтетін жолдындағы сызық? (ақжол)

3. Көлік күткенде қай жерде тұру керек? (аялдамада, арнайы белгілеген орындарда)

Жасыл тобына: 1. «Жүргізуші» деген кім? (көлік айдайтын адам)

2. Автобус, троллейбус тоқтайтын жер? (аялдама).

3. Өмірімізді қатерден сақтандыратын, көшемізде тұратын көмекшіміз не? (бағдаршам)

Жолда жүру ережесі:

Машина жүретін жолда ойнауға болмайды.

Көлік жүретін жолмен жүруге болмайды.

Көшенің қиылысындағы бағдаршамның қызылы жанғанда жолдан өтуге болмайды.

Көшенің кез келген жерінен өтуге болмайды.

Көлік жүретін көшені бойлап жүруге болмайды.

Егер жолдан өтуге үлгермесең, орталық сызықта немесе «қауіпсіздік аялдмасында» тоқта да бағдаршамның жасыл түсі жануын күт.

Жолдан бағдаршамның тек жасыл жанғанда ғана өт.

Егер жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса, жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жүруге тиісті.

Жаяу адамдардың міндеттері:

Жаяу жүргіншілерге арналған жол немесе жаяу жолдың оң жағымен, ал олар болмаса, жол жиегімен немесе велосипед жолымен жүруі тиіс.

Жолдан бара жатқанда жаяулап себепсіз кедергі немесе тоқтап қалмауы тиіс. Көшеден өтпес бұрын алдымен сол жаққа, ал көшенің ортасына жеткенде оң жаққа қарау керек.

Жарқылдап маягі және арнаулы дыбыс белгісі қосылған көлік жақындағанда жаяулар жолдан өтпелі тоса тұруы тиіс.

Қараңғыда жүргізушілер көлік айдап бара жатқанда, жаяу адамдар үстіне жарық қайтарғыш тағып алу керек.

Қорытындылау